


ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БИОБИБЛИОГРАФИЯСЫ

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



*Жанғара  
Дәдебайұлы  
Дәдебаев*



Asghar

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы  
ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ҒЫЛЫМИ КІТАПХАНА

---

ҚАЗАҚСТАН ҒАЛЫМДАРЫНЫҢ БИОБИБЛИОГРАФИЯСЫНА МАТЕРИАЛДАР

*Жанғара  
Дәдебайұлы  
Дәдебаев*

Алматы  
"Қазақ университеті"  
1998

**Редакциясын қараған:**  
академик З.Қабдолов

**Жауапты редактор:**  
профессор Е.Жатқанбаев

**Құрастырушылар:**  
Әбілхаирова Е.Д., Рафикова Л.Г.

**Дәдебаев Жанғара Дәдебайұлы. Биобиблиографиялық материалдар /Құраст. Әбілхаирова Е.Д., Рафикова Л.Г – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 65 бет.**

© «Қазақ университеті» баспасы. 1998

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ  
имени АЛЬ-ФАРАБИ

НАУЧНАЯ БИБЛИОТЕКА

---

МАТЕРИАЛЫ К БИОБИБЛИОГРАФИИ УЧЕНЫХ КАЗАХСТАНА

*Жанкара  
Дадебаевич  
Дадебаев*

Алматы  
"Казак университеті"  
1998

**Под редакцией**  
академика З.Кабдулова

**Ответственный редактор:**  
профессор Е.Жатканбаев

**Составители:**  
Абулхайрова Е.Д., Рафикова Л.Г.

**Дадебаев Жанкара Дадебаевич. Материалы к биобиблиографии /Сост. Абулхайрова Е.Д., Рафикова Л.Г.  
— Алматы: Қазақ университеті, 1998. — 65 с.**

© Издательство «Қазақ университеті», 1998

## ОҚЫРМАНДАРҒА

Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы сериясының жалғасы болып табылатын бұл көрсеткіш филология ғылымдарының докторы, ҚР Жоғары мектеп ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор Жанғара Дәдебайұлы Дәдебаевқа арналған.

Биобиблиографияға ғалымның өмірі мен шығармашылық қызметін сипаттайтын мәліметтер, оның еңбектері мен ол туралы әдебиеттер енгізілді.

Көрсеткіш материалдары хронологиялық тәртіппен орналасқан.

## К ЧИТАТЕЛЯМ

Предлагаемый указатель – продолжение серии биобиблиографий ученых Казахстана – посвящен доктору филологических наук, члену-корреспонденту АН Высшей школы РК, профессору Жанкаре Дадебаевичу Дадебаеву.

Биобиблиография включает материалы, характеризующие жизнь и творческую деятельность ученого, перечень его публикаций и литературы о нем. Материалы в указателе расположены в хронологическом порядке.

## **Ж.Д.ДӘДЕБАЕВТЫҢ ӨМІРІ МЕН ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ**

Жаңғара Дәдебайұлы Дәдебаев 1948 жылы 15 қарашада Жамбыл облысының Талас ауданында (Карл Маркс атындағы ауылдық кеңес) дүниеге келген.

**1966 ж.** Ойық орта мектебін бітірді.

**1969 ж.** Жамбыл қаласындағы (Тараз) Абай атындағы педагогикалық училищені бітірді.

**1968-1970 жж.** Жамбыл облысының Талас ауданындағы Амангельді атындағы қазақ мектебінде бастауыш сыныптарының мұғалімі.

**1970-1975 жж.** Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің студенті.

**1975-1977 жж.** ҚР ҒМ-ҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қызметкері.

**1977-1978 жж.** Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының ассистенті.

**1978-1980 жж.** Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті жанындағы Педагогикалық шеберлік арттыру институтында оқып, оның толық курсы бітірді.

**1978-1981 жж.** Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті ғылыми-зерттеу бөлімінің



қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бөлімшесі қызметкері.

1982 ж. «Қазіргі қазақ кеңес тарихы романындағы М.Әуезов дәстүрі» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады.

1983-1988 жж. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының аға оқытушысы.

1984-1985 жж. Москва мемлекеттік университеті жанындағы оқытушылардың біліктілігін арттыру факультетінде оқып, оның толық курсын Әдебиет теориясы мамандығы бойынша бітірді.

1987 ж. «Қазақ әдебиеті» газеті сыйлығының лауреаты.

1988-1990 жж. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының доценті.

1990 ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің аға ғылыми қызметкері.

1990 ж. КСРО Жазушылар Одағының мүшесі.

1991 ж. Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының директоры /қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясы/.

1992 ж. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының доценті.

1992 ж. «Тарихи болмыс және оның қазіргі қазақ романында бейнеленуі» атты тақырыпта докторлық диссертация қорғады.

1993 ж. Әдебиеттану мамандығы бойынша Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Жоғары аттестациялық комиссияның шешімімен профессор ғылыми атағы берілді.

**1993 жылдан қазіргі кезге дейін.** «ҚазМУ хабаршысы» филология сериясының ғылыми редакторы.

**1993 жылдан қазіргі кезге дейін.** Әл-Фараби аптындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті қазақ өдебиеті кафедрасының профессоры, филология факультетінің деканы.

**1996 ж.** Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп Ғылым академиясының мүше-корреспонденті болып сайланды.

**1996 ж.** Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін I-дәрежелі дипломмен марапатталды.

**1996 ж.** Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығына арналған үздік ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін Алматы қаласы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

**1996 ж.** Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігінің Грамотасымен марапатталды.

## **ОСНОВНЫЕ ДАТЫ ЖИЗНИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТИ Ж.Д.ДАДЕБАЕВА**

**Жанкара Дадебаевич Дадебаев** родился 15 ноября 1948 г. в Таласском районе (сельсовет им.Карла Маркса) Жамбылской области.

**1966 г.** Окончил Ойыкскую среднюю школу.

**1969 г.** Окончил педагогическое училище им.Абая в г. Жамбыл.

**1968-1970 гг.** Учитель начальных классов казахской школы им.Амангельды Таласского района Жамбылской области.

**1970-1975 гг.** Студент Казахского государственного национального университета им. аль-Фараби.

**1975-1977 гг.** Сотрудник Института литературы и искусства им.М.О.Ауэзова АН РК.

**1977-1978 гг.** Ассистент кафедры казахской литературы Казахского государственного национального университета им.аль-Фараби.

**1978-1980 гг.** Проходил курс обучения в Институте повышения педагогического мастерства при Казахском государственном национальном университете им.аль-Фараби и окончил его.

**1978-1981 гг.** Аспирант кафедры казахской литературы Казахского государственного национального университета им. аль-Фараби.

**1981-1983 гг.** Сотрудник Отделения общественных и гуманитарных наук научно-исследовательской части Казахского государственного национального университета им. аль-Фараби.

**1982 г.** Защитил кандидатскую диссертацию на тему «Традиции М. Ауэзова в современном казахском советском историческом романе».

**1983-1988 гг.** Старший преподаватель кафедры казахской литературы Казахского государственного национального университета им. аль-Фараби.

**1984-1985 гг.** Прослушал полный курс повышения квалификации преподавателей на факультете при Московском государственном университете по специальности Теория литературы и выполнил установленный для него план учебной и научной работы.

**1987 г.** Лауреат премии газеты «Қазақ әдебиеті».

**1988-1990 гг.** Доцент кафедры казахской литературы Казахского государственного национального университета им. аль-Фараби.

**1990 г.** Старший научный сотрудник Казахского государственного национального университета им. аль-Фараби.

**1990 г.** Член Союза писателей СССР

**1991 г.** Директор Научно-исследовательского института педагогических наук им. И. Алтынсарина (ныне Академия образования им. И. Алтынсарина).

**1992 г.** Доцент кафедры казахской литературы Казахского государственного национального университета им. аль-Фараби.

**1992 г.** Защитил докторскую диссертацию на тему «Историческая действительность и ее художественное воплощение в современном казахском романе».

**1993 г. Утвержден ВАК при Кабинете Министров Республики Казахстан в ученом звании профессора по специальности Литературоведение.**

**С 1993 г. по настоящее время. Научный редактор филологической серии «Вестника КазГУ».**

**С 1993 г. по настоящее время. Профессор кафедры казахской литературы, декан филологического факультета Казахского государственного национального университета им. аль-Фараби.**

**1996 г. Избран членом-корреспондентом Академии наук Высшей школы Республики Казахстан.**

**1996 г. Награжден дипломом первой премии за лучшие научно-исследовательские работы о жизни и творчестве Жамбыла Жабаева.**

**1996 г. . Награжден Почетной грамотой аппарата акима г.Алматы за лучшие научно-исследовательские работы о жизни и творчестве Жамбыла Жабаева.**

**1996 г. Награжден Грамотой Министерства образования, культуры и здравоохранения Республики Казахстан (Приказ №27 от 23.XI.97г)**

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті филология факультетінің деканы, Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп ғылым академиясының мүше-корреспонденті, филология ғылымдарының докторы, профессор Дәдебаев Жанғара Дәдебайұлының ғылыми-педагогикалық қызметінің

### ҚЫСҚАША ОЧЕРКІ

Дәдебаев Жанғара Дәдебайұлы 1948 жылы 15 қарашада Жамбыл облысында дүниеге келген. Ол 1966 жылы Ойық орта мектебін, 1969 жылы Жамбыл қаласындағы Абай атындағы педагогикалық училищені, ал 1975 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бітірді.

Жанғара Дәдебайұлы әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетіндегі еңбек жолын 1977 жылы қазақ әдебиеті кафедрасының ассистенті қызметінен бастады. Содан кейін ол «КСРО халықтары әдебиеті (кеңестік кезең)» мамандығы бойынша аспирантураны тәмамдады. 1982 жылы кандидаттық, ал 1992 жылы докторлық диссертациясын қорғап шықты. 1983 жылдан бастап 1987 жылға дейінгі аралықта аға оқытушы, 1988 жылдан 1992 жылға дейін доцент болып еңбек етсе, 1993 жылдан бері профессор, филология

факультетінің деканы қызметін атқарып келеді. 1991 жылғы қаңтар айынан бастап тамыз айына дейінгі кезеңде ол Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының (қазіргі Ы.Алтынсарин атындағы Білім академиясының) директоры болып жұмыс істеді.

Жанғара Дәдебайұлы — шеберлігі өте жоғары лектор. Оның «Қазақ әдебиетінің тарихы: қазіргі кезең», «М.Әуезовтің шығармашылық лабораториясы» пәндері бойынша оқитын лекциялары тек қана көкейтесті мәселелер көтеруімен немесе әсерлілігі және ұтымдылығының үйлесімділігімен ғана емес, сонымен бірге ғылыми мазмұнының өте маңызды әлеуметтік және мәдени мәнге ие байлығымен де ерекшеленеді. Ол оқытудың қазіргі озық әдіс-тәсілдеріне сүйене отырып, шәкірттердің білім алуға деген қызығушылығын, шығармашылықпен жұмыс істеуге деген құлшынысын еркін де әдемі оятады, студенттердің шығармашылықпен жұмыс істеу қабілетін барынша толық ашуға жағдай жасайды.

Ол әдебиеттану профессорына тән көркемдеп-бейнелеп баяндаудың барлық негізгі құралдарын және лекторлық шеберліктің басты әдіс-тәсілдерін жетік игерумен бірге соның бәрін лекцияларының әр түрлі циклдерінде немесе бір лекциясының әр түрлі бөліктерінде шебер қолданады. Лекция — оның педагогикалық және ғылыми-педагогикалық қызметінде ең басты әрі ең маңызды іс. Ол өзінің лекцияларын үлкен шабытпен тартымды оқиды, аудиторияны пафоспен баурайды, бірақ ешқашан арнасынан аспайды, тым қарабайырлыққа да ұрынбайды, әр сөзіне қорғасындай салмақ, мағына дарытады. Терең мазмұндылық пен қарапайымдық, шынайылық пен

айқындық — міне, оның лекторлық шеберлігінің басты қасиеттері осындай. Бұл оның ұстаздық ісіне байыпты, сыпайы, сұлу сипат береді.

Жанғара Дәдебайұлы — филология саласында ғылыми зерттеу жұмысын шебер ұйымдастырушылардың бірі. 1991 жылы, Ы.Алтынсарин атындағы педагогика ғылымдары ғылыми-зерттеу институтының директоры бола жүріп, ол Республиканың XXV педагогикалық оқуын ұйымдастырып, даярлап, ойдағыдай өткізді. Оның нәтижелері Қазақстанның педагогикалық ойларының дамуына қомақты үлес болып қосылды және білім беру ісінің құрылымы мен мазмұнын жетілдіруге едәуір ықпал етті. Филология факультетінің ұжымына 1993 жылдан бері жетекшілік жасай жүріп, ол әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде филологиялық ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерін халықаралық және республикалық ғылыми-теориялық конференциялар, симпозиумдар, кеңестер деңгейінде талқылауды жүйелі түрде ұйымдастырып, оларды жан-жақты, байыпты бағалау ісінің ұйытқысы бола білді. Солардың ішінен мына тәрізді әлеуметтік-мәдени мәні өте жоғары әрі маңыздыларын атай кетейік: «Ақындық және суырыпсалмалық өнер» (Алматы, 1995), «Абайтану: тарихы, теориясы және даму бағыттары» (Алматы, 1995), «Жамбылтану: тарихы, теориясы және даму бағыттары» (Алматы, 1996), «Бөлітік Әлменұлы және қазақтың шешендік өнері» (Алматы, 1996), Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі Т.К.Кәкішевтің 70 жылдығына арналған «Қазақ әдебиетінің тарихы мен сынының маңызды мәселелері» (1997), «М.Әуезов және әлем әдебиеті» (Алматы, 1997), Қазақстан Республикасы Ғылым



академиясының академигі З.Қ.Қабдоловтың 70 жылдығына арналған «Қазақ әдебиетін оқыту мен зерттеудің өзекті мәселелері» (Алматы, 1997), «М.Әуезов және дүниежүзілік әдебиет» (Алматы, 1998).

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру Жанғара Дәдебайұлы үшін тек бағыт беру, басшылық жасау ғана емес, сонымен бірге ғылыми-зерттеу бағдарламаларының авторы, «ҚазМУ хабаршысы» филология сериясының ғылыми редакторы ретінде де ол білікті жетекші екенін танытып, ғылыми-зерттеу бағдарламаларының жобаларын дайындау мен талқылау, оларды жүзеге асыру жөніндегі барлық басқару жұмыстарын жоғары деңгейде атқарып келеді. Ғылыми-зерттеу жобаларының әрі ұйымдастырушысы, әрі жетекшісі ретінде ол ең алдымен бағдарламаға, конференцияға қатысушы мамандармен, ұжымдық еңбек авторларымен келіссөзді тікелей өзі жүргізеді, алда тұрған міндеттерді бүге-шігесіне дейін солармен бірге талқылайды.

Жанғара Дәдебайұлының жетекшілік еткен ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша 1996 жылдан бастап 1998 жылға дейінгі кезең ішінде 37 монография, 100-ден астам оқулықтар мен оқу құралдары, 27 ғылыми еңбектер жинағы жарық көрді. Қазіргі уақытта ғалым «Жазушы еңбегі және көркем шығармашылық процестерінің психологиясы» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының бағдарламасына жетекшілік етуде, жоғары білім жүйесі үшін кәсіби шеберлігі жоғары шығармашылық және ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлау ісіне де белсене қатысады. Ол Қазақстан Республикасы Ғылым қоры грантының 1996 жылғы жүлдегері атанды. Оның ғылыми-жетекшілік жасауымен 4 кандидаттық

диссертация орындалды. Ал, шәкірті М.Тазабеков — халықаралық және республикалық ақындар айтысының бірнеше мәрте жеңімпазы, республикалық «Дарын» жастар сыйлығының лауреаты, бүгінде ол аспирантурада оқуын одан әрі жалғастыруда.

Жанғара Дәдебайұлы 200-ге жуық ғылыми, оқу-әдістемелік еңбектер жариялады. Соның ішінде төмендегідей көрнектілерін атап айтқан орынды: 1) Қазіргі қазақ тарихи романының тақырыптық дамуындағы М.Әуезов дәстүрі. Университет студенттеріне арналған оқу-әдістемелік құрал. — Алматы, 1981; 2) Әдеби шығарма. Университет студенттеріне арналған оқу құралы. — Алматы, 1986; 3) Шымырлап бойға жайылған. Қазіргі қазақ әдебиетінің маңызды мәселелері туралы зерттеу. — Алматы, 1988; 4) Қазақ тарихи романы: дәстүр мен жаңашылдық. Университет студенттеріне арналған оқу құралы. — Алматы, 1988; 5) Ғабиден Мұстафин. Монографиялық очерк. — Алматы, 1989; 6) Мұхтар Әуезов. Монографиялық очерк. — Алматы, 1990; 7) Өмір шындығы және көркемдік шешім. Монография. — Алматы, 1991; 8) Бөлітірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері. Оқу құралы. — Алматы, 1991; 9) М. Әуезов шығармашылығы. — Алматы, 1997.

Ж.Дәдебайұлының «Шымырлап бойға жайылған», «Ғабиден Мұстафин», «Мұхтар Әуезов» монографиялық зерттеулерінде қазақ әдебиеті мен ол жөніндегі ғылымды дамытуда ғылыми маңызы жоғары, әлеуметтік-мәдени мәні зор бірқатар ірі ғылыми мәселелер шешімін тапқан. Оларда жазушының шығармашылық лабораториясы мәселелерін зерттеудің жаңа қырлары талданған. Қазақ тарихи романы дамуының бірқатар маңызды мәселелерін анықтау, шешу жолдары белгіленген.

Автор еңбектерінде тұжырымдалған қорытындылар мен қағидалар тиісті ғылыми деректермен, дәйектермен жете пысықталған және дәлелденген. Ғылыми қағидалар мен қорытындылардың айқындығы және анықтығының жоғары деңгейі зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізінің байлығымен, пайдаланылған қолжазба және архивтік материалдардың даралығымен, маңыздылығымен өлшенеді.

«Өмір шындығы және көркемдік шешім» монографиясы жаратылысы бөлек, дара сипаттағы еңбектер қатарына жатады. Онда тарихи шындық және оның қазіргі қазақ романында көркем бейнеленуі секілді өте ірі ғылыми мәселе зерттелген. Бұл еңбекте қазіргі қазақ тарихи романының материалдық негізін қалайтын тарихи, этнографиялық, фольклорлық және әдеби деректер айқындалған. Тарихи шындықты көркем бейнелеу құралдарына тән жалпы мен жалқы құбылыстарды танып, білудің нақты принциптері талданған. Жазушының өмірлік материалдарды көркемдік жинақтау ерекшеліктері мен шеберлік сырлары байымдалған. Шығармашылық жинақтау процесінде тарихи болмыстың, шындық құбылыстардың өзара байланыстары, сабақтастығы, саралану, даралану сипаттары мен толысу, тұтасу жолдары мынадай бірнеше деңгейде анықталған: а) жеке оқиға; ә) оқиғаның жеке бір қыры; б) тектес оқиғалардың бір тобы мен олардың түрлі қырлары; в) оқиғалардың толық жүйесі мен олардың барша қырлары.

Зерттеудің нәтижелері соны. Олар қазақ романы саласында бұрын қазақ әдебиеттануында болмаған, ғылыми айналымдағы болжамдардан принципті түрде өзгешелігі бар жаңа қорытындылар мен қағидаларды қалыптастырды. Бұл қорытындылар мен қағидалар

қазақ тарихи романының мәселелері жөніндегі теориялық ойларды өзгертіп, байыта түседі, қазіргі қазақ әдебиетінің және ол туралы ғылымның дамуына елеулі үлес қосады.

Қазақтың шешендік қасиеті мен суырыпсалма ақындық өнерін зерттеу ісінде де Ж. Дәдебайұлының сіңірген еңбегі ерекше. Бұл арада автордың қарастырған мәселелерінің ауқымдылығын ескерген жөн. Ол дәстүрлі мәдениетті, байырғы дүниетанымды, түркі халықтарының ежелгі тұрмысы мен әдет-ғұрыптарын. шешендік өнердің қайнар көздерін, шешендік өнер тарихы мен теориясын сараптады. Бұрынғы заманда өткен қоғам және мемлекет қайраткерлерінің, ұлы ғалымдардың, шешендердің өмірін, шығармашылық және қоғамдық қызметін зерттеу ісімен шұғылдануда да ол елеулі табыстарға қол жеткізді. Әсіресе, оның шешендік және суырыпсалма ақындық өнер жөніндегі еңбектерінің сериясын ерекше атап өту керек. Бұлар — ұлттық мәдениеттің дамуына қосылған сүбелі үлес, маңызды материал. Ғалым фактілерді құр жинап, талдап немесе жинақтап қана қоймайды. Ол ұмытылған дүниені қалпына келтіруге ұмтылады, өткенді тұтас, болған күйінде тірілтуге күш салады. Оған жарқын дәлел ретінде оның Анахарсис, Төле би, Бөлтірік шешен, Ұлбике ақын, Байзақ би, Әулие ата, Күнтұмыш батыр, Салқам Жәңгір, Сыпатай би және басқалардың өмірі мен қызметі туралы зерттеулерін атаймыз. Бұл зерттеулер білу емес, анықтау да емес, тіпті баға беру немесе түсіндірме, түсініктеме де емес, өткенді жанды түрде қайта жасау, тіпті тірілту десе болғандай. Осының бәрі Жанғара Дәдебайұлын өзі зерттеп жүрген мәселелерінің ғылыми және практикалық мәнін анықтауға өте қабілетті, әрбір мәселені тұтас әрі өзге

мәселелермен тығыз байланыста қарайтын байыпты да байсалды ғалым ретінде сипаттайды.

Жазушының шығармашылық даралығы мен ғалымның зерделеу-зерттеу тұрғысының Ж. Дәдебайұлы үшін үлкен мәні бар. Ол бұларды барынша мұқият, жан-жақты зерделеп зерттейді. Зерттеу, зерделеу пәніне жан-тәнімен беріліп, оның ішкі дүниесіне терең бойлайды. Сол арқылы ол әрбір адам өз кәсібін беріліп сүйеге тиіс екенін, оған терең құрметпен қарау керектігін ұғындырады. Оның қаламынан туған ғалымдар С.Қирабаев, З.Қабдолов, З.Ахметов, жазушылар Б.Момышұлы, І.Есенберлин, Б.Нұржекеев, ақын Т.Молдағалиев және басқалардың шығармашылық портреттері осындай адамгершілік құрмет сезіміне толы. Мұның өзі оның әрі зерттеуші, әрі әдеби сыншы және эссе шебері ретіндегі шығармашылық ізденісінің пафосын, шабытты күйін анықтайды. Осы жұмыстардың ең белсенді жасампаз көрсеткіштері қатарына автордың өз зерттеу пәніне деген шығармашылық қатынасы, көзқарасы, онымен рухани үйлестік пен үндестікте бола білу қабілеті жатады. Оның суреткердің немесе ғалымның шығармашылық әлеміне барынша тереңдеп енуіне нақ осы қасиет көмектеседі. Жанғара Дәдебайұлының әдеби сыншы және эссеші ретіндегі шығармашылық даралығының өзіндік ерекшелігі сонда жатыр.

Әдебиеттану — әдебиет туралы, сөз өнері туралы ғылым. Сондықтан да ол әсерлі. Оны арман-қиялсыз, толғаныссыз және құштарлықсыз көзге елестете алмайсыз. Ж.Дәдебайұлының шығармашылығында бұлар біресе стиль, біресе ырғақ, біресе құрылым, біресе пафос, шабыттық күй түрінде көрініс береді. Оның әдеби таным тереңіне тартатын ғылыми

шығармашылығы кісіні сөз өнерімен танысудың, сөз өнерімен табысудың айрықша ләззатты сезіміне бөлейді.

Ғалым Жанғара Дәдебайұлының ғылыми-зерттеу және әдеби-сыншылық жұмыстары Қазақстанның ғылыми және әдеби жұртшылығы тарапынан айтарлықтай жылы қабылданды, сондай-ақ елден тыс жерлерде де ыстық ілтипатқа ілінді. Оның еңбектері Якутияда, Бурятияда, Өзбекстанда, Қырғызстанда, Түркияда жарияланды.

Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы баспасөзде жарық көрген топтама еңбектері үшін оған Жамбыл Жабаевтың 150 жылдығына арналған Қазақстан жамбылтанушыларының ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауында бірінші дәрежелі диплом берілді.

Ж.Дәдебайұлының ғылыми жұмыстары бірнеше деңгейден тұрады. Олардың проблемалық маңыздылығының деңгейі әдебиеттану саласындағы жаңа бағыт негізін қалауымен сипатталады. Пәндік деңгейде ғалымның зерттеулері қазақ әдебиеті мен ол туралы ғылымның оқу және ғылыми пән ретінде дамуына елеулі үлес қосты. Сонымен қатар автордың жұмыстары пәнаралық сипатқа ие. Бұл деңгейде оның зерттеулерінің бірқатар ғылым салалары үшін, атап айтқанда, әдебиеттану, фольклористика, тарих, этнография және мәдениеттану ғылымдары үшін маңызды мәні бар.

Профессор Ж.Дәдебайұлының зерттеу жұмыстарының нәтижелері жоғары мектеп оқу процесінде кеңінен қолданылуда. Солардың негізінде елімізде алғаш рет а) Әдебиет және фольклор, б) Әдебиет және тарих, в) Әдебиет және дәстүрлі мәдениет, г) Шешен дарыны және шешендік өнер деген жаңа пәнаралық арнайы лекциялық курстар дайындалды. Бұлар

мемлекеттік университеттердегі оқытудың екінші сатысындағы (магистратура) студенттерге арналған. Жоғары білімді мамандар даярлайтын «Әдеби шығармашылық» деген жаңа мамандық ашылды. Білгір ғалым, білікті ұстаз мемлекеттік университеттердің бірінші оқу сатысындағы (бакалавриат) студенттерге «Әдеби шығармашылық» атты жаңа да іргелі оқу пәнінің негізін қалап, оның бағдарламасы мен лекциялар курсы жасады. Ол — Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындары студенттеріне арналған «Қазақ әдебиетінің тарихы: қазіргі кезең» пәнінің оқу бағдарламасын жасаған авторлардың бірі.

Профессор Ж.Дәдебайұлы университеттік филологиялық білім саласында мамандар даярлау жөніндегі оқу-әдістемелік құжаттар жасау ісіне де белсене қатысады. Оның басшылығымен университеттік филологиялық білім беру тұжырымдамасы жасалды, соның негізінде университеттік филологиялық білім берудің бірінші және екінші басқыштары үшін мемлекеттік стандарттар, квалификациялық сипаттама және оқу жоспарлары дайындалып, өндіріске енгізілді.

Жанғара Дәдебайұлы тікелей өз зерттеулері, ұжымдық ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру, сондай-ақ осы ғылыми жұмыстарға басшылық жасау арқылы филология ғылымын жаңа жетістіктермен байытқан, байытып келе жатқан көрнекті ғалымдарымыздың бірі болып табылады.

**З.Бисенғали**, филология  
ғылымдарының докторы

**Е.Абайдельдинов**, филология  
ғылымдарының кандидаты

**З.Шілдебайұлы**, ақын, «Қазақ тілі мен  
әдебиеті» журналының бас редакторы



## КРАТКИЙ ОЧЕРК

научно-педагогической деятельности Дадебаева Жанкары Дадебаевича, доктора филологических наук, профессора, члена-корреспондента Академии наук Высшей школы Республики Казахстан, декана филологического факультета Казахского государственного национального университета им. аль-Фараби

Дадебаев Жанкара Дадебаевич родился 15 ноября 1948 года в Жамбылской области. В 1966 году он окончил Ойыкскую среднюю школу, в 1969 году – Жамбылское педагогическое училище им. Абая, в 1975 году – Казахский государственный национальный университет им. аль-Фараби по специальности «Казахский язык и литература».

Ж. Д. Дадебаев свою трудовую деятельность в университете начал ассистентом кафедры казахской литературы (1977 г.), затем окончил аспирантуру по специальности «Литература народов СССР (советский период)». В 1982 году защитил кандидатскую диссертацию, в 1992 году – докторскую. С 1983 года по 1987 год – старший преподаватель, с 1988 года по 1992 год – доцент, с 1993 года декан филологического факультета, профессор. В период с января по август 1991 года он



работал директором научно-исследовательского института педагогических наук им.И.Алтынсарина (ныне Академия образования им. И.Алтынсарина).

Ж.Д.Дадебаев – лектор высокого мастерства. Его лекции по дисциплинам «История казахской литературы: современный период», «Творческая лаборатория М.Ауэзова» отличаются не только проблемностью, единством рационального и эмоционального, но и богатством своего научного содержания, имеющего важное социальное и культурное значение. Опираясь на современные методы обучения, он умело и свободно создает в учебных аудиториях обстановку напряженной творческой работы за знание, способствует наиболее полному раскрытию творческих способностей студентов.

Как и подобает профессору литературоведения, он владеет всеми основными выразительно-изобразительными средствами и методами лекторского мастерства, умело варьируя их в разных циклах лекций и разных частях одной лекции. Лекция – для него самое главное и важное в его педагогической и научно-педагогической деятельности. В своих лекциях он может быть блестящим и спокойным одновременно, оставаясь не слишком страстным и не слишком простым. Глубокая содержательность и простота, искренность и ясность – главные черты его лекторского мастерства. Это придает его преподавательской работе умеренный и изысканный характер.

Ж.Д.Дадебаев является одним из ведущих организаторов научных исследований в области филологии. В 1991 году, будучи директором научно-исследовательского института педагогических наук им.И.Алтынсарина, он организовал, подготовил и проводил XXV педагогическое чтение Республики,

результаты которых явились весомым вкладом в развитие педагогической мысли Казахстана и способствовали совершенствованию содержания и структуры образования. Возглавляя коллектив филологического факультета с 1993 года, он систематически выступает инициатором и организатором обсуждения, оценки результатов филологических научных исследований в Казахском государственном национальном университете им. аль-Фараби на уровне международных и республиканских научно-теоретических конференций, симпозиумов, совещаний. Среди них такие важные, имеющие высокое социально-культурное значение: «Поэтическое искусство и импровизация» (Алматы, 1995), «Жамбыловедение: история, теория и перспективы развития» (Алматы, 1995), «Абаеведение: история, теория и перспективы развития» (Алматы, 1996), «Белтірік Әлменұлы и казахское ораторское искусство» (Алматы, 1996), «Актуальные проблемы истории и критики казахской литературы», посвященная 70-летию академика АН ВШ РК Т.К.Какишева (1997), «М.Ауэзов и мировая литература» (Алматы, 1997), «Актуальные проблемы изучения и преподавания казахской литературы», посвященная 70-летию академика АН РК З.К.Кабдулова (Алматы, 1997), «М.Ауэзов и всемирная литература» (Алматы, 1998).

Быть организатором научно-исследовательской работы не означает для Ж.Д.Дадебаева только направлять, возглавлять. Он является руководителем деятельным, который ведет на правах автора научно-исследовательской программы, научного редактора филологической серии «Вестника КазГУ» всю организационную работу по разработке проектов программ и их реализации, по созыву республиканских и между-

народных научно-теоретических совещаний, конференций по результатам научных исследований, а также по составлению и редактированию «Вестника КазГУ (Серия филологическая)». Как организатор и руководитель проекта он прежде всего сам ведет переговоры с будущими участниками программ, конференций, авторами коллективных трудов, обсуждая с ними во всех деталях направление, цель и задачи, характер ожидаемых результатов.

По результатам научно-исследовательских работ, руководимых Ж.Д.Дадебаевым, за период с 1996г. по 1998г. опубликовано 37 монографии, более 100 учебников и учебных пособий, 27 сборников научных трудов. В настоящее время он руководит программой научно-исследовательских работ по теме «Труд писателя и психология процессов художественного творчества», является обладателем гранта Фонда Науки РК 1996 года, принимает активное участие в подготовке высококвалифицированных творческих, научно-педагогических кадров для системы высшего образования. Под его научным руководством выполнены 4 кандидатских диссертации. Его воспитанник М.Тазобеков – неоднократный победитель Республиканских и международных поэтических состязаний, лауреат Республиканской молодежной премии Дарын, в настоящее время он продолжает учебу в аспирантуре.

Ж.Д.Дадебаевым опубликовано около 200 научных, учебно- методических работ, в том числе такие наиболее значительные, как: 1)Традиции М.Ауэзова в тематическом обогащении современного казахского исторического романа. Учебно-методическое пособие для студентов университетов. –Алматы, 1981; 2)Литературное произведение как художественное целое. Учебное

пособие для студентов университетов. – Алматы, 1986; 3) Проникновение. Исследования по проблемам современной казахской литературы. – Алматы, 1988; 4) Казахский исторический роман: традиции и новаторство. Учебное пособие для студентов университетов. – Алматы, 1988; 5) Габиден Мустафин. Монографический очерк. – Алматы, 1989; 6) Мухтар Ауэзов. Монографический очерк. – Алматы, 1990; 7) Диалектика правды жизни и художественного вымысла. Монография. – Алматы, 1991; 8) Бөлтірік Әлменұлы и казахское ораторское искусство. Учебное пособие. – Алматы, 1991; 9) Творчество Мухтара Ауэзова. – Алматы, 1997.

В монографических исследованиях Ж.Д. Далебаева «Проникновение», «Габиден Мустафин», «Мухтар Ауэзов» осуществлено решение ряда крупных научных проблем, имеющих важное социально-культурное значение и высокую научную ценность для развития казахской литературы и науки о ней. Разработан новый подход к исследованию проблем творческой лаборатории писателя. Намечены пути решения ряда важных проблем развития исторического романа в казахской литературе.

Положения и выводы, сформулированные в работах автора, являются вполне аргументированными и установленными научными фактами. Высокая степень обоснованности и достоверности научных положений и выводов обусловлена богатством теоретической и методологической базы исследования, оригинальностью и значимостью использованных печатных, рукописных, архивных источников.

Монография «Диалектика правды жизни и художественного вымысла» является оригинальным трудом, не имеющим аналогов в казахском литературоведении, в

котором исследована такая крупная научная проблема, как историческая действительность и ее художественное воплощение в современном казахском романе. В работе выявлены исторические, этнографические, фольклорные и литературные источники, послужившие материальной основой современного казахского исторического романа. Разработаны конкретные принципы изучения общего и особенного применительно к средствам художественного воплощения исторической действительности. Определены особенности художественного обобщения писателем жизненных материалов с учетом их специфики и предметной принадлежности. Осмыслен характер взаимосвязи, взаимодействия, сцепления и слияния событий исторической действительности в процессе их художественного воплощения на уровнях: а) отдельного события; б) отдельной детали события; в) отдельного типа событий и их деталей; г) системы событий и их деталей.

Результаты исследования новые. Они обосновывают новый подход, который ранее не имел места в казахском литературоведении, и содержат выводы и положения в области казахского романа, принципиально отличающиеся от существующих. Эти выводы и положения обогащают и изменяют теоретические представления по проблемам казахского исторического романа, вносят определенный вклад в развитие современной казахской литературы и науки о ней.

Значителен вклад, внесенный Ж.Д.Дадебаевым в изучение казахского ораторского искусства и поэтической импровизации. Здесь следует отметить масштабность его интересов. Он изучает традиционную культуру, мировоззрение, быт и нравы тюркских народов, истоки ораторской речи, историю и теорию

риторики. Занимается исследованиями жизни, творческой и общественной деятельности великих ученых, ораторов, общественных и государственных деятелей прошлого. Особо следует выделить серию его замечательных работ об ораторском и импровизаторском искусстве, внесших важные материалы в характеристику развития национальной культуры. Он не собиратель фактов. Он стремится восстановить забытое, воскресить прошлое в его целостном виде. Об этом свидетельствуют его исследования о жизни и деятельности Анахарсиса, Төле би, Бөлтірік шешен, Ұлбике ақын, Байзақ би, Әулие ата, Күнтұмыш батыр, Салқам Жәңгір, Сыпатай би и др. Это не изучение, не определение, даже не оценка и интерпретация, а живые воссоздания. Все это достаточно хорошо характеризует Ж.Д.Дадебаева как ученого, умеющего определить научное и практическое значение исследуемых им проблем, рассматривать каждый вопрос комплексно, в его взаимодействиях и взаимосвязях с другими вопросами.

Для Ж.Д.Дадебаева творческая индивидуальность писателя и личность ученого имеют огромное значение, он их исследует не менее тщательно, нежели его научные интересы. И исследует искренне, от души. А для того, чтобы от души исследовать и от души говорить то, что он исследует и говорит, человек должен глубоко уважать свой предмет. Творческие портреты ученых С.С.Кирабаева, З.К.Кабдулова, З.А.Ахметова, писателей Б.Момышұлы, І.Есенберлина, Б.Нуржекеева, поэта Т.Молдагалиева и др., созданные Ж.Д.Дадебаевым, проникнуты именно таким глубоким нравственным чувством, который определяет пафос его творческих исканий как литературного критика и эссеиста. Самым активным элементом этих работ является отношение

автора к предмету его творческой работы, его умение установить с ним духовный контакт. Именно это помогает ему войти в творческий мир художника или ученого. В этом заключается своеобразие творческой индивидуальности Ж.Д.Дадебаева как литературного критика и эссеиста.

Литературоведение — наука о литературе, об искусстве слова. Поэтому оно эмоционально. Оно немислимо без фантазии, без волнения и страсти. В творчестве Ж.Д.Дадебаева они так или иначе проявляют себя в стиле, в ритме, в структуре, в пафосе. И не удивительно, что его научное творчество, приобщающее людей к литературному познанию, заставляет переживать особую эмоцию соприкосновения с искусством слова, с очеловеченной природой.

Научно-исследовательские и литературно-критические работы Ж.Д.Дадебаева тепло восприняты научной и литературной общественностью Казахстана и за его пределами. Его труды опубликованы в Якутии, Бурятии, Узбекистане, Кыргызстане, Турции. В конкурсе научно-исследовательских работ жамбуловедов Казахстана, посвященном 150-летию Жамбыла Жабаева, он был удостоен диплома первой премии за цикл работ, опубликованных им в печати о жизни и творчестве Ж.Жабаева.

Научная работа Ж.Д.Дадебаева имеет несколько уровней. Проблемный уровень их значимости характеризуется тем, что они могут быть квалифицированы как новое направление в области литературоведения. На дисциплинарном уровне исследования ученого вносят существенный вклад в развитие казахской литературы и науки о ней как учебной и научной дисциплины. Наряду с этим работы автора носят междисциплинарный



характер. На этом уровне его исследования имеют важное значение для ряда наук: литературоведения, фольклористики, истории, этнографии и культурологии.

Результаты исследовательской работы Ж.Д.Дадебаева широко используются в учебном процессе. На их основе впервые в Республике созданы новые междисциплинарные специальные лекционные курсы: а) Литература и фольклор, б) Литература и история, в) Литература и традиционная культура, г) Талант оратора и ораторское искусство, которые предназначены для студентов второй ступени обучения (магистратура) государственных университетов, открыта новая специальность по подготовке специалистов с высшим образованием – Литературное творчество. Им созданы учебная программа и лекционные курсы по фундаментальной учебной дисциплине «Литературное творчество» для студентов первой ступени обучения (бакалавриат) государственных университетов. Он является одним из авторов-составителей учебной программы по дисциплине «История казахской литературы: современный период», предназначенной для студентов вузов РК.

